

## Бесқарағай жалпы білім беру мектебі

2023-2024 оқу жылы

### Lesson Study зерттеу сабағын рефлексивті есеп

#### 4 сыныптың дене тәрбиесі пәнінде өткен іс – әрекетті зерттеу сабағы кезіндегі үш кезеңнен тұрған В оқушыны талдау

04.04.2024 жылы дене тәрбиесі мұғалімі Тусупов Жақан Суяндыкович 4 сыныпта «Қауіпсіздік ережесі. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын үйрету» зерттеу сабағына қатыстым. В оқушысы (М.А.) зерттелді.

Сабақты зерттеу мақсатым: В оқушының сабаққа деген ынтасын, жүгіру техникасын дұрыс игеруі, жаттығуларды орындау кезінде дағдыларын, қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардар болуын анықтау болды

Сабаққа қызығушылығы және белсенділігі зерттеу сабағының бірінші сабағындағы В деңгейдегі оқушының іс- әрекетін бақылап отырдым. Оқушы жаттығу орындауда асықпайды. Бірақта мұғалім орындауға берген тапсырмаларын түсінгенін орындағаннан көруге болады. Бірінші сабақтан байқағаным: В оқушының сабаққа деген қызығушылығы және ынтасы орташа. Қысқа қашықтыққа жүгіру кезіндегі старт алу техникасын білгенімен орындағанда біраз қателіктер жіберді. Мұғалім ескерту жасағасын дұрыс орындауға тырысты.

Сабақта үлгерімі жақсы, бірақ белсенділік танытпайды. Оқушыға жеке қолдау көрсету және жаттықтыру қажет.

12.04.2024 жылы «Жүгіру, секіру, лақтыру дағдыларын қалыптастыру» Екінші сабақ кезең бойынша В оқушыдан төмендегідей іс-әрекетін байқадым: өткен сабақтағы жаттығуларды орындайды, техникалық ережелерді сақтауға тырысады.

Жаңа сабақтың жаттығуларын орындай алады. Бірақ арасында жылдамдығы бәсеңдетіледі, жеңіл атлетикада қысқа қашықтыққа жүгіру әдіс-тәсілдерін, техникасын үйренді. . Алдыңғы сабақта ойын жинақтай алмай белсенділіктің орта деңгейін көрсеткен еді. Бірақ кері байланыс кезінде берілген тапсырмаларды дұрыс орындауға тырысты. Ұсыныс ретінде В деңгейдегі оқушы көңіл бөлуді қажет екендігін көрсетті.

19.04.2024 ж. күнгі Lesson Study №3 сабақта дене тәрбиесі пәнінен өткен зерттеу сабағы кезіндегі В деңгейіндегі оқушыны бақылау есебім.

Сабақтың тақырыбы: Жүгіріп келіп және бір орында ұзындыққа секіру техникасын үйрету.

Үшінші сабақ барысында саралау әдісінде өзіне көңіл бөлуді қажеттілігі көрініп, В деңгейдегі оқушы жүгіріп келіп және бір орында ұзындыққа секіру техникасын орындауға тырысты.

Қорыта келгенде В деңгейдегі оқушы топтық жұмыс барысында өзіне деген сенімділікті арттыру үшін жаттығуларды қайталатуды қажет етеді. Сыныпта жалпы жақсы қарым қатынаста, дене тәрбиесі сабағын ұнатқанымен, өзіне деген сенімділікті арттыру керек.

Бақылаушы: Бастауыш сынып мұғалімі Жумашева Д.А.